

Түркістан облысы
Қазығұрт ауданы
«Айболған» бөбекжай балабақшасы

«Бекітемін»
Балабақша меншерушісі:
Б.Естауова

Вариативтік компонент

Тұған өлкені біл және аяла
«Музарт» ересек топ

Тәрбиешісі:Халдарбекова А

2019-2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ
ҚАЗЫҒҮРТ АУДАНЫ



Тұған өлкені біл және аяла

Мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларына арналған вариативтік
білім беру бағдарламасы

Қазығүрт, 2020жыл

Kіrіспе

Білім қоғамды әлеуметтік-мәдени, ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін жоғары құндылық. Тек білім ғана қоғамды алға жетелеп, болашағымызды жарқын етеді. Кез келген елдің өсіп-өркендеуі, әлем елдері арасында өзіндік орнын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. Еліміздегі білім беру жүйесін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру, өзара бірлік-байланыста интеграциялау қажеттілігі уақыт талабына айналды. Заманауи әлемде елдің әлеуеті біліммен, қабілетімен өлшенеді. Алған білімін өмірде қолдану, қажетіне жарата білу, тәрбиелі де саналы жас үрпақ тәрбиелеу - педагогтер қауымының міндеті болып саналады.

Мектепке дейінгі балалық шақ – адам өміріндегі ерекше кезең: денсаулық негіздері, ақыл-ой, еңбек, эстетикалық дамуы қалыптасады, қоршаған ортаны белсенді таниды және осы кезенде патриоттық тәрбие беру арқылы ұлтжандық сезімдері қалыптасады.

Заман үлкен қарқынымен өзгеріп келе жатқанын бүгіннен бастап көре аламыз, төрт жасар бала компьютер бағдарламасын, заманауи техниканы ешқандай қындықсыз қолдана алады.

Көп ұлтты халқының болашағын қамтамасыз ету үшін жас үрпақты жалпы ұлттық құндылықтарды құрметтеуге бағдарланған патриоттық тәрбие беру өзекті мәселеге айналуда. Білім беру жүйесіндегі бүгінгі құнделік өзгерістер білім беруде оқытудың ғылыми және әдістемелік деңгейін көтеруді талап етеді. Туған жері мен елінің, халқының өткен өмірі мен бүгінгі тіршілігін оқытып үйрету, мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық пен ұлтжандылыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке тәрбиелейді, жеке тұлғаның дамуына септігін тигізеді.

Адамның туған жерінің ерекшеліктері қайталанбас. Әр жердің өзінің тарихы бар. Біздің Түркістан облысымыз атақты жер, тарихы бай, балалар оны білуге міндетті. Мектеп жасына дейінгі балаларды өлке тарихымен, оның танымал тұлғаларымен, көрікті жерлері, ескерткіштерімен таныстыры барысында туған жерді, елді сюю, құрметтеу сияқты сезімдер тезірек қалыптасады. Өзінің туған жері мен ұлы адамдарын мактан етеді. Өздері де сондай болсам еken дейді. Туған жеріме өз пайдамды тигізсем, өз үлесімді қоссам деп армандаиды.

«Патриотизм, - дейді ұлттымыздың батыры Б.Момышұлы, - Отанға, мемлекетке деген сүйіспеншілік, жеке адамның аман-саулығы, қоғамдық, мемлекеттік қауіпсіздікке тікелей байланыстылығын сезіну, өзінің мемлекетке тәуелді екенін мойындау, яғни патриотизм дегеніміз – мемлекет деген ұғымды, оның жеке адаммен барлық жағынан өткені мен бүгінгі күні және болашағымен қарым-қатынасын білдіреді». Мектеп жасына дейінгі балаларды қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу педагогтер алдына үлкен міндеттер жүктейді.

Халықтық педагогика қагидаларын ұстана отырып, өз облысымыздың тарихымен мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларын таныстыру мақсатымен педагогтерге арналған «Туған өлкені біл және аяла» бағдарламасы ұсынылып отыр. Бағдарламаны іске асыру кезеңінде, әрине, балалар туған жерімен, оның көрікті жерлерімен танысады, бойларында өз еліне, халқына, қаласына, ауылыша деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімдері оянады, сонымен қатар туған жерінің тарихы мен салт-дәстүрлерін әңгімелеп бере алады.

Түсініктеме

«Өлкетану» бағдарламасы – мектепке дейінгі мекемелердің ұйымдастырылған оқу әрекетінің вариативтік білім беру компоненті, Қазақстан Республикасының саясатының басым бағыттарын көрсетеді және Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуудың мемлекеттік жалпыға міндettі стандарт білім беру саласының интеграциясы арқылы педагогикалық үрдістің қосымшасы болып табылады.

«Тұған өлкені біл және аяла» бағдарламасының мақсаты – мектеп жасына дейінгі ересек жастағы балалардың бойында өз өлжесінің географиясы, тарихы, мәдениеті, табиғаты және тұған жерінің басқа факторлары туралы білімдерін қалыптастыру; тұған өлкенің откен, болашағын құрметтеуді білдіру, басқа ұлт өкілдеріне толеранттық қарым-қатынасқа тәрбиелуе.

«Тұған өлкені біл және аяла» бағдарламасының жалпы міндettтері мектеп жасына дейінгі ересектер топ балаларының игерілген білім мен дағдыларын «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру бағытындағы міндеті:

- тұған жерінің табиғатына, мәдениетіне, тарихына қызығушылық қалыптастыру.
- тұған жерінің азаматтары туралы білімдерін кеңейту (мамандықтары, көпұлттылығы және т.б.).

Дамытушы бағытындағы міндеті:

- жоба және зерттеушілік әрекетін дамыту.
- заттардың тарихы, экологиясы мен материалдық мәдениетін бағдарлай білуді дамыту.

Тәрбие беру бағытындағы міндеті:

- тұған жерін, отбасын мактан тұтып, қадірлеуге тәрбиелуе.
- адамның тұған жерінде (ауылында), өлжесінде атқарған еңбегінің әлеміне, өсімдіктерге, жануарларға, табиғатқа саналы-ұқыпты, экологиялық-мақсатты қарым-қатынасты тәрбиелуе.

Негізгі идеясы:

мектеп жасына дейінгі балаларға тұған жерінің тарихы мен мәдениеті туралы білім беру негізінде отансұйғыштікке, патриоттыққа тәрбиелуе.

Өзектілігі:

бағдарлама мектеп жасына дейінгі балаларды тұған жерінің тарихымен таныстыру негізінде адамгершілік-патриоттық тәрбиесіне жаңа бағдар беру.

Жаңашылдығы:
өлкетану-туристік және көркем-эстетикалық бағыттарының өзара қарым-қатынасы.

Бағдарламаның ерекшелігі:

- педагогтің мектеп жасына дейінгі баланың шығармашылығы мен өзін-өзі жетілдіру белсенділігіне жағдай жасау;
- сабактардың интеграциясы;
- ата-аналармен жұмыс;
- әлеуметпен ынтымақтастық.

Бағдарламаны іске асыру үшін пайдаланатын тәсілдер

- Мақсатты серуендер мен экскурсиялар.
- Бақылау.
- Керек объектілерді көрсетуімен әнгімелер, түсініктемелер.
- Әңгімелер.
- Көркем әдебиеттерді қолдану.
- Репродукциялар, фотосуреттер, суреттер қолдану.
- Бейне және ұнтаспа материалдарын қолдану.
- Қадірлі азаматтармен кездесу.
- Инновациялық технологияларды қолдану: ТРИЗ-технологиясы, «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, «АКТ», «Әлеуметтік ойын технологиясы»

Оқыту әдістері

- Түсіндіру-көрнекілікті
- Репродуктивтік
- Ішінара-ізденіс
- Проблемалық

Бағдарламаны іске асыру үшін жағдайлар болу тиіс:

- Материалдық – техникалық қамтамасыз етілуі.
- Балабақшаның топтарында «Өлкетану» таным орталықтарын ұйымдастыру.
- Көрнекілік (слайд, фото, жобалар картотекасы, ақпараттық материал, дидактикалық ойындар, әдебиет).
- Мақсатты жорық, экскурсия, серуендерге арналған атрибуттар және материалдармен жабдықтау.

Бағдарлама жұмысының ерекшелігі:

- 1.Стратегиялық мақсаты – патриоттық сезімдерін нығайту, бала тұлғасындағы мәдениетін қалыптастыру.
- 2.Баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы шығармашыл болуы керек.
- 3.Баланың қоршаған ортамен қарым-қатынасы ізденіс үстінде көрінеді, жұмыс барысында айқын байқалады.
4. Баланың шығармашылығы оның мақсаты емес, ол эстетикалық қарым-қатынас әлемінде, шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып, Отанға деген сүйіспеншілігін қалыптастырады.

Бағдарламаның жалпы дидактикалық принциптері:

- ғылымилығы;
- жүйелігі мен бірізділігі;
- қолжетімділігі;
- көрнекілік;
- беріктігі;
- сана-сезімдері мен белсенділігі.

Педагогикалық принциптері

- Шынайылығы және ұсынымдардың принциптері, яғни оқыту-тақырыптық жоспардың мазмұны объективті ақпаратты қамтиды.
- Коршаған ортаны сенсорлық зерттеу принциптері, яғни табиғат пен адамдармен тікелей байланыста болуы.
- Жүйелілік принципі баланың санасында туған қаланың (ауылдың) тарихы, мәдениеті, табиғаты, азamatтары туралы жүйесін көздейді.
- Жүйелілік принципі сабактарды, мақсатты серуендер, экскурсияларды өткізу кезіндегі логикалық ұйымдастыру мен жүйесін көздейді.
- Кешенділік принципі, тақырыпты оқу кезінде әр түрлі саладағы білім мен пәнаралық байланысын қолдағанын көздейді.
- Экологияландыру принципі, табиғатты қорғаумен байланысты рухани сапаның қалыптасқанын көздейді.
- Отбасын тәрбие-оқыту үрдісіне тарту принципі.

Бағдарлама мектепке дейінгі ересек жастағы балалардың психологиялық және жас ерекшелігін ескере отырып құрастырылған. Бағдарламаның сабактары қарапайымнан күрделіге қарай құрастырылған, балалардың білім, білік, дағдыларын қызықты, біртіндеп менгеруін көздейді, яғни берілген материал саналы, белсенді, берік менгеріледі, алған білімдерін балалар тәжірибе жүзінде еркін іске асырады.

Күтілетін нәтиже

- Балалардың тарихи танымға қызығушылықтарын жетілдіру.
- Патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.
- Туған өлкенің көпүлттігін күрметтеуге дағыланыру.
- Коршаған ортаны, мәдени мұраны, табиғатты білу.
- Табиғаттың эстетикалық құбылыстары мен адам әрекетіне эмоционалды жауапкершілікке тәрбиелеу.
- Іздену біліктерін қалыптастыру.
- Бірлескен шығармашылық жұмыс үрдісінде ұжымдық жұмыс дағдыларын игеру.
- Шығармашылық, белсенді, үйлесімді, коммуникативті дамыған жеке тұлға болу.

Бағдарламаны игеру кезінде:

- туған қаланың (ауылдың) тарихы туралы білім игеру;
- қаланың (ауылдың) көне және казіргі уақыттағы жағдайы туралы білу және әнгімелеп беру;
- қаланың (ауылдың) көшелері мен шағын аудандарын білу, атауларын түсіндіріп бере алу;
- қаланың (ауылдың) бірнеше ескерткіштерін білу, олар туралы қысқаша мағлұмат беру;
- көне жылдардың сәулет ғимараттарын, заманауи құрылыштарын ажыраты білу;
- қаланың (ауылдың) атақты жерлестері туралы әнгімелеп беру;
- қаланың (ауылдың) бірнеше көрікті жерлері туралы әнгімелеп беру;
- қаланың (ауылдың) өнеркәсіптік, мәдениеттік, әлеуметтік маңызды мекемелері және ондағы адамдардың негізігі мамандықтарын білу;
- туған жерінің өсімдік және жануарлар әлемі туралы білімдерін тереңдету;
- қала (ауыл) туралы географиялық мәліметтерді игеру.

**«Тұған өлкені біл және аяла» бағдарламасының мазмұнын
ұйымдастыру**

«Тұған өлкені білжәне аяла» білім беру бағдарламасының оқу
жүктемесінің көлемі:

ересек тобында – оқу жоспары жылына 36 сағат (аптасына 1 рет).

«Тұған өлкені біл және аяла» білім беру бағдарламасының
материалы «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным»,
«Шығармашылық», «Әлеумет» білім беру салалары арқылы жүзеге
асырылады.

«Тұған өлкені біл және аяла» білім беру бағдарламасының мазмұнына
келесі тараулар ұсынылады:

1. Тұған өлке
2. Түркістан облысының табиғи ерекшеліктері
3. Аялы табиғатымыз
4. Ата-бабаларымызды құрметтейміз
5. Мәңгілік есте
6. Ер дәuletі - еңбек
7. Салт-дәстүрім
8. Өлкे мақтаныштары
9. Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің тұған өлкем!

Бағдарлама мазмұны

1-тарау. «Тұған өлкес»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Тұған өлкем Түркістан облысына саяхат, Түркістан өңірінің ірі қалалары (Түркістан, Шымкент), Түркістан облысының таңбасы (герб), «Ең көрікті жерлер» суреттер көрмесі. Бөлімдерде мектепке дейінгі ересек топ балаларын Түркістан облысының тарихы, таңбасы, ірі қалалары, көрікті жерлері туралы мағлұматтармен таныстыра отырып, тұған өлкеге деген сүйіспеншілігін, патриоттық сезімін арттыру көзделген.

2-тарау. «Түркістан облысының табиғи ерекшеліктері»

Бұл тарау 4 бөлімнен тұрады: Мақтанышым - Қазғұртым, Ормандағы қарагай, көлдер, табиғат ескерткіші, «Зерттеушілер» (сюжетті-дидактикалық ойын). Бөлімдерде мектепке дейінгі ересек топ балаларының Ертіс өзенінің табиғи қоры, табиғи орманы, Түркістан, Шымқала, табиғи ескерткіштер, ежелгі жануарлар атаулары туралы түсініктерін кеңейту арқылы тұған өлкенің табиғатына жанашырлық, қамқорлық көзқарастырын қалыптастыру көзделген.

3-тарау. «Аялы табиғатымыз»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Қызыл кітап құпиясы, Түркістан облысының інжу-маржаны – қорықтар (өсімдіктер әлемі), Бөлімдерде мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларының Қызыл кітап туралы, аймақтың қандай жануарлары Қызыл кітапқа енгені туралы, қорықтардағы өсетін өсімдік ерекшелігі және жануарлар корығы туралы білімдерін кеңейту .

4-тарау. «Ата-бабаларымызды құрметтейміз»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Өлкетану мұражайы, өлкедегі атаулардың тарихы, көше атаулары, «Мен тұратын көше» жоба-презентациясы (ата-аналармен жұмыс). Бөлімдерде балаларды облыстың мұражайларымен таныстыру, тұған өлкенің таулары, өзендері, облыстағы қала атаулары нені білдіретіні туралы түсінік беру, тұған қаланың (ауылдың) көшелері туралы білімдерін кеңейту және бекіту, өз көшесі туралы ақпараттық материалға сүйене отырып, әнгімелей білу біліктерін жетілдіру көзделген.

5-тарау. «Мәңгілік есте»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Мәңгілік есте, Ғалым атамыз, Сүйікті жазушы, «Кинотеатр әлемінде» (сюжетті-рөлдік ойын). Бөлімдерде мектеп жасына дейінгі ересек топ балаларын тұған еліміздің соғыс ардагері Қанаш Қамзин, атақты ғалым Қаныш Сәтбаев, жазушы-ақын

Мұзафар Әлімбаевпен таныстыру арқылы ақынның өлеңдерін мәнерлеп айта білуге үйрету, кинорежиссер Шәкен Айманов туралы мәлімет беру арқылы балалардың танымдық, шығармашылық біліктерін дамыту, сюжетті-рөлдік ойын арқылы рөлге ену, сахналau дағдыларын жетілдіру көзделген.

6-тарау. «Ер дәuletі - еңбек»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Өлкемнің қара алтыны, Қала көлігі, «Зәулім мұржа» (сюжеттік-рөлдік ойын), Балқытушы сиқыры, «Мамандықтың бәрі жақсы» жоба-презентациясы. Бөлімдерде балаларға мұнай-өндідеу зауыты өндейтін автобензин, жанармайдың пайдасы туралы, зауыттар туралы түсінік беру және балқытушы мамандығы бойынша білімдерін көнегіту, жалпы өндіріс мамандары туралы білім беру көзделген.

7-тарау. «Салт-дәстүрім»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Төрт түлігім - ырысым, Қазақ халқының қолөнері (тері, жүннен жасалатын бұйымдар), Киіз үй, Ұлттық ойын – халық мұрасы. Бөлімдерде балаларға төрт түлік жайлы түсініктер бере отырып, жануарларды күту сүйіспеншілігін ояту, олардың пайдасын білу, қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыру арқылы халық өнерін қадірлеуге, үлгі тұтуға үйрету, балаларды әсемдікті тани білуге баулу, эстетикалық ой-өрістерін дамыту, киіз үйдің құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру, дүниетанымын көнегіту, ұлттық мұрамызды сактауға тәрбиелеу, ұлттық ойындарды ойнауға үйрету көзделген.

8-тарау. «Өлкे мақтаныштары»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Менің өлкемнің құрметті азаматтары, Менің өлкемнің мәдени орталықтары, Спорт - денсаулық кепілі, «Мектеп», «Құрылышы», «Емхана» (сюжетті-рөлдік ойындар). Бөлімдерде балаларға туған өлкенің атақты адамдары туралы, мәдени жерлері, атақты спортшы жерлестері туралы, спорттың адам денсаулығына маңызы туралы түсінік бере отырып, еңбек, адалдық, сыпайылық, еліне еңбек сінірген азаматтарды мактандыш ету сезімдерін қалыптастыру көзделген.

9-тарау. «Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем!»

Тарау 4 бөлімнен тұрады: Менің қаламның (ауылымның) көрікті жерлеріне саяхат, Ауылым - алтын бесігім, «Гажайып қала (ауыл)» жобасы, «Кішкентай өлкетанушылар» викторинасы. Бұл бөлімдер бойынша балалармен саяхат жасау жоспарланады, жыл бойы өлкетану бойынша білімдерін тиянактап қорытындылау жүргізіледі.

Оқыту мақсаттарының жүйесі

| № | Тараулары | А п т а | Бөлімдері | Оқыту мақсаты | | Сағат саны |
|----|---|------------------|---|--|---|---------------|
| | | | | Оқыту мақсаты | | |
| 1. | Тұған өлкө | I | Тұған өлкем Түркістан облысына саяхат. | - тұған қаланың (ауыл) тарихын білу; - тұған өлкенің өткен тарихы туралы білу | 1 | |
| | | II | Түркістан өнірінің ірі қалалары. (Шымкент, Сарыагаш, Кентау) | Шымкент, Сарыагаш өнірдің ірі қалалары туралы білу | 1 | |
| | | II I | Түркістан облысының таңбасы (герб) | - Түркістан облысының таңбасын (герб) білу; - өз тұған өлкө туралы фото, үнтаспа материалына сүйене отырып, әңгімелеп беру | 1 | |
| | | I V | Суреттер көрмесі: «Ең көрікті жерлер» | - тұған өлкенің көріністерін суретке салып, әңгіме құрастыра білу | 1 | |
| 2. | Павлодар облысының табиғи ерекшеліктері | I | Келес өзенінін аңғары | «Келес өзенінің алқабы» мемлекеттік табиғи қорығы туралы түсінік беру | 1 | |
| | | II | Ормандағы қарағай | табиғи орман резерваты туралы түсінік беру | 1 | |
| | | II I | көлдер | Қазақстан көлдері туралы түсінік беру. | 1 | |
| 3. | Аялы табигатымыз | I V | «Қазығұрт» табиғат ескерткіші. Сюжетті-дидактикалық ойын: «Зерттеушілер» | - республикалық маңызы бар зерттеу табиғи ескерткіші туралы түсінік беру; - кейір ежелгі жануарлардың атауларын білу, олар туралы әңгімелеп беру; - ойын барысында зерттеуші мамандығымен танысу, «Қаздар қонысы» табиғат ескерткіші туралы білімдерін қолдану | 1 | |
| | | I | Қызыл кітап құпиясы | - аймақтың географиялық орны туралы түсінікті игеру; | 1 | |

| | | | | | |
|----|--------------------------------|---|---|--|---|
| | | | - жануарлар мен өсімдік әлемі, климаттың ерекшелігі туралы білу; - Қызыл кітап туралы білу, аймақтың қандай жануарлары Қызыл кітапқа енгенін білу | | |
| | II | Түркістан облысының інжу-маржаны (өсімдіктер әлемі) | қорығында өсетін өсімдіктердің ерекшелігін білу; - өсімдік әлемі туралы шағын энциклопедиясын құрастыру үшін ақпарат жинай білу | 1 | |
| | II I | Түркістан облысының інжу-маржаны (өсімдіктер әлемі) | қорығында өсетін өсімдіктердің ерекшелігін білу; - өсімдік әлемі туралы шағын энциклопедиясын құрастыру үшін ақпарат жинай білу | 1 | |
| | I V | Қазығұрт өнірінің аңыздары | аңыздармен таныстыру. Аңыздарды әңгімелей білуге дағдыландыру | 1 | |
| 4. | Ата-бабаларымызды құрметтейміз | I | Өлкетану мұражайы | - өлкетану мұражайы туралы түсінікті игеру; - тарихи заттар туралы түсіну, оның тарихи маңыздылығын білу; - кейбір заттар нені білдіретінін түсіндіре білу | 1 |
| | II | Өлкедегі атаулардың тарихы | - туған өлкенің таулары, өзендері, кейбір қала атаулары нені білдіретінін білу; - кейбір атаулардың пайда болу тарихын түсіндіре білу | 1 | |
| | II I | Көше атаулары | - туған қаланың (ауылдың) көшелері туралы білімдерін кеңейту және бекіту; - көшеге есімі берілген тарихи тұлғаларды білу | 1 | |
| | I V | Жоба-презентация: «Мен тұратын көше» (ата-аналармен | - өз көшеннің тарихын білу; - өз көшесі туралы ақпараттық материалға сүйене отырып әңгімелей білу(схемалар, фото, үнтаспа материалы) | 1 | |

| | | | | |
|----|--------------------|---------|---|--|
| | | | жұмыс) | |
| 5. | Мәңгілік есте | I | Мәңгілік есте | Соғыс ардагері туралы білу (Қанаш Қамзин т.б.); Отансүйгіштікке баулу. |
| | | II | Ғалым атамыз | Қ.Сәтбаевтың туған жері, сінірген енбегі туралы білім беру |
| | | II I | Сүйікті жазушы | Мұзафар Әлімбаевпен таныстыруды жалғастыру, өлеңдерін мәнерлеп айта білу |
| | | I V | «Кинотеатр әлемінде» (сюжетті-рөлдік ойын) | Шәкен Айманов туралы мәлімет беру. Сюжетті-рөлдік ойын арқылы рөлге енуге дағдыландыру |
| 6 | Ер дәuletі - еңбек | I | Сюжеттік-рөлдік ойын: «Қала көлігі» | Мұнай-өндіреу зауыты өндейтін автобензин, жанармайдың пайдасы туралы түсінік беру |
| | | II | Зәулім мұржа | Көмір өндіру, электр-жылу энергиясын шығаратын Екібастұз ГРЭСі туралы мәліметтер беру |
| | | II I | Өлкедегі зауыттар | зауыттар туралы түсінік беру. |
| 7. | Салт-дәстүрім | I | Төрт түлігім - ырысым | Төрт түлік жайлы түсініктерін кеңейту. Балаларда жануарларды күту сүйіспеншілігін ояту, олардың пайдасын білу |
| | | II | Қазақ халқының қолөнері (тері, жүннен жасалатын бұйымдар) | Қазақ халқының қолөнер үлгілерімен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. Балаларды әсемдікті тани білуге баули отырып, эстетикалық ой-өрісін дамыту |
| | | II I | Киіз үй | Киіз үйдің құрылымы туралы білімдерін қалыптастыру. Дүниетанымын кеңейту. Үлттық мұрамызды сактауға тәрбиелеу |

| | | | | | |
|----|--|---------|--|---|----|
| | | I V | Ұлттық ойын – халық мұрасы | - ұлттық ойындарды білу, күнделікті өмірде ойындарды ойнауға баулу | |
| 8. | Өлкеменің мақтаныштары | I | Менің өлкемнің құрметті азаматтары | - туған өлкесінің тарихына енген атақты адамдарын білу; - олар туралы әңгімелейу | 1 |
| | | II | Менің өлкемнің мәдени орталықтары | - туған өлкенің мәдени жерлерін білу: мәдениет сарайы, кітапханалар, театрлар және т.б. | 1 |
| | | II I | Спорт - денсаулық кепілі | Атақты жерлес спортшылармен таныстыру. - қала (ауылдың) тұрғындарының спорттық өмірлері туралы білімдерін көнектізу, спорттық обьектілердің қажеттілігін білу; - адам өміріндегі спорттың маңыздылығы туралы түсіну | 1 |
| | | I V | Сюжетті-рөлдік ойындар: «Мектеп», «Құрылышы», «Емхана» | Балаларды еңбекке, еңбекті құрметтей білуге, сырпайылыққа, ізгілікке, адалдыққа баулу | 1 |
| 9. | Неткен сұлу, неткен көркем! Осы менің туған өлкем! | I | Менің қаламның (ауылымның) көрікті жерлеріне саяхат | Көрікті жерлерге саяхатқа шығып, тамашалай білуге баулу. Өз жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру | 1 |
| | | II | Ауылым - алтын бесігім | Ауыл шаруашылығының маңыздылығын түсіндіру. Ауыл шаруашылығы халықты азық-түлікпен және өнеркәсіпті шикізаттың кейбір түрлерімен қамтамасыз ететіні туралы білу | 1 |
| | | II I | Жоба: «Ғажайып қала(ауыл)» | - балалардың білімдерін бекіту; - шығармашылық қабілеттерін, сөздік қорларын дамыту | 1 |
| | | I V | Викторина: «Кішкентай өлкетанушылар» | Жыл бойы алған білімдерін тиянақтап қорытындылау | 1 |
| | | | | Барлығы | 36 |

Қосымша

«Тұған өлкені біл және аяла » бағдарламасының ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгілері

№1

| | |
|-----------------------|--|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Тұған өлкем Түркістан облысына саяхат |
| Мақсаты | Тұған қаланың тарихын білу |
| Міндеттері | Тұған өлкенің еткен тарихы туралы білу. Тұған өлкесіне деген сүйіспеншілігін арттыру |
| Көрнекіліктер | Тұған өлкеміздің табигаты бейнеленген суреттер, макеттер, карта |
| Әдіс-тәсілдері | Сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету, әнгімелу |
| Билингвалды компонент | Қала- город |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|--|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | <p>-Балалар доп арқылы бір- біріне жылы тілектерін айтады.</p> <p>- Балалар, біз қай Республикада тұрамыз?</p> <p>- Дұрыс айтасындар, біздің мемлекетіміз Қазақстан Республикасы. Ол үлкен, бай өлке, мұнда тоғай, өзен, көл, бау-бақша, ауыл, қалалар көп. Біз тұған өлкемізге саяхат жасаймыз (картамен жұмыс).</p> <p>- Павлодар облысында үш ірі қала бар.</p> <p>Балалардың әнгімесі тындалады.</p> <p>Олай болса қазір біз сендермен Кереку өніріне саяхат жасаймыз. Теледидардан темір жол, өнеркәсіптер, денсаулық орталықтары, Ертіс өзені, мәдени орталықтары көрсетіледі. Павлодар облысы 1938 жылы 15 қантарда құрылған. Павлодар қаласының</p> | <p>Балалар шенберге тұрып бір- біріне доп лақтырады.</p> <p>«Қазақстан» деп жауап береді.</p> <p>Балалар теледидардан Кереку өнірі жайлы мәлімет алады, оның қай жер екенін әнгімелейді, суреттерді тез тауып көрсетіп отырады.</p> |
| Ізденушілік - | | <p>Қорапшалардан көрген үйлердің, мешіттің макетін жасайды.</p> <p>Тірек суреттер арқылы өлеңді жаттайды.</p> |

| | | |
|------------------------------|--|---|
| Ұйымдастырушылық түзетушілік | <p>аудандары: Ертіс ауданы, Железинка ауданы, Качир ауданы, Успен ауданы, Ақтоғай ауданы, Павлодар ауданы, Шарбакты ауданы, Екібастұз қаласы, Ақсу қаласы, Лебяжі ауданы, Май ауданы, Баянауыл ауданы.</p> <p>Д/О: «Бұл қаланың қай жері?». Сурет арқылы қаламыздың жерлерін сипаттаймыз.</p> <p>Балаларға қаланың әр жерінен түсірілген бейне - суреттер беріледі, балалар оның қай жер екенін әнгімелейді.</p> <p>Жақсы, балалар, енді біз сендермен екі орталыққа бөлінеміз.</p> <p>1-шығармашылық топ:</p> <p>Қораптардан, түрлі қағаздардан Павлодар қаласының макетін жасайды.</p> <p>2-орталық- кітап орталығы:</p> <p>Тірек сурет арқылы туған жер өлеңін жаттау.</p> <p>Д/О: «Теледидар».</p> <p>Мақсаты: Балалардың байқампаздығын және сөздік корын дамыту, үлкендердің іс-әрекетіне еліктеуге тәрбиелеу «б қалпақ » әдісі арқылы сабакты қорытындылау.</p> | <p>Балалар әр түсke байланысты сұрақтарға жауап береді.</p> |
|------------------------------|--|---|

№ 2

| | |
|-----------------------|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Павлодар өнірінің ірі қалалары |
| Мақсаты | Павлодар, Ақсу, Екібастұз; өнірдің ірі қалалары туралы білу |
| Міндеттері | Тұған жерінің байлығы туралы түсінік беріп, табигатын құрметтеуге, мақтан тұтуға үйрет /; Балалардың эмоциялық көңіл-күйін көтеру; Адамгершілікке, әдепті болуға тәрбиелеу ойын, сұрақ-жауап, презентация |
| Әдіс-тәсілдері | қалалардың суреттері, макеттер, карта |
| Көрнекіліктер | көше-улица, зауыт- завод |
| Билингвалды компонент | Орталық, алып |
| Сөздік жұмысы | |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---------------------------------|--|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | <p>Ал, балалар, енді орнымызға отырайық. Бүгінгі біздін сабағы мыз: «Өлкетану». Сы кезде Дымбілмес кіреді. О Тәрбие ші:- Сәлеметсің бе, Дымбіл мес! Сен қандай жұмыспен келдің?</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сәлеметсіз бе! Мен ауь лдағ к ліп едім. Мен Павлодар өні өнің е қалаларын білмейді еке әмін. Тәрбие ші:- Павлодар, Еңібастұз, Ақсу көліларын білесің бе? - Жоқ, білмейді екенмін. Тәрбие ші:- Ендеше сен отырып тында, мен балаларға осы қалалар туралы айттып берейін. | <p>Балалар жайғасады.</p> <p>Дымбілмеспен амандасады.</p> |
| Ізденушілік - ұйымдастыруышылық | <p>Біздің өлкеміздің ең үлкен қаласы - Павлодар қаласы, екінші - Екібастұз, үшінші - Ақсу. Ол картада мына жерде орналасқан. Павлодар - облыс орталығы. Павлодарда бірнеше ірі зауыттар бар. Екібастұз қаласында көмір</p> | <p>Тәрбиешіні мұқияттындауды.</p> |

| | | |
|--------------------------|---|--|
| | <p>өндіретін «Богатырь кеншісі» бар. Көлемі бойынша Екібастұз екінші ірі қала болып саналады.</p> <p>Ақсу қаласында Ферроқорытпа зауыты мен ГРЭСС электростанциясы бар (тәрбиеші презентация арқылы мәлімет береді).</p> <p>-Қарандаршы, балалар, әр қаламыздың әдемі ғимараттары, мәдени үйлері, кинотеатрлары бар екен. Біздің өлкемізде көп ұлт өкілдері тұрады: орыстар, өзбектер, украиндер т.б.</p> <p>Сөздік жұмысы: ірі, орталық сөздердің мағынасын түсіндіреді.</p> <p>Дымбілмес: -Рахмет, мен енді біздің өлкеміздің қалалары туралы көп білдім. Сау болындар, мен қалаларға саяхатқа кеттім.</p> <p>«Сиқырлы қорапша» дидактикалық ойны.</p> <p>Ішінен қалаларымыздың ірі ғимараттарының қима бөліктегі шыгады. Балаларға болшектерден құрастыруға тапсырма беріледі.</p> <p>Д/о: «Дұрыс, бұрыс».</p> <p>Ақ қағаз бетінде салынған суреттерді көрсетіп тұрады:</p> <ul style="list-style-type: none"> -ағашты сындырып жатқан бала; -ағашқа су құйып тұрған бала; -коқыс лактырып жатқан бала, т.б. Әр суретті көрсеткен сайын «Дұрыс па?» деп сұрап қояды. <p>–Балалар, біздің қаламыз әдемі, таза болу үшін не істейміз?</p> | <p>Балалар презентацияны қарап, өз ойларын ортаға салады.</p> <p>Жаңа сөздерді менгереді.</p> <p>Дымбілмеспен қоштасады.</p> <p>Қима суреттерден құрастырады.</p> <p>Ненің дұрыс екенін, ненің бұрыс екенін және олардың себеп-салдарын түсіндіреді.</p> |
| Рефлексивтік түзетушілік | <p>«Сөйлемді жалғастыр».</p> <p>Мақсаты: Сөйлемді жалғастыра білу дағдыларын жетілдіру. Өз қала/ауылы туралы білімдерін бекіту. Тұған жеріне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу.</p> <p>Біздің қала/ауылдың атауы...</p> <p>Қала/ауылдың тұрғындарын ... деп</p> | <p>Өздеріне таныс жерлерді атайды.</p> |

атайды. Біздің қала/ауыл ... өзен жағасында орналасқан. Қыста біздің қала/ауыл ... Менің қаламның/ ауылымның көрікті жерлері ...

Балалардың жауаптарын бағалап, мадактайды.

№ 3

| | |
|-----------------------|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Түркістан облысының |
| Мақсаты | Балалардың тұған жер, Отан туралы алғашқы түсініктерін қалыптастыру |
| Міндеттері | Павлодар облысының таңбасын (герб) білу; сөздік корларын молайту, тұған елге деген сүйіспеншілік се тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | түсіндіру, көрсету, сұрақ - жауап, ойын. |
| Көрнекіліктер | таңба суреті, макеттер, карта |
| Билингвалды компонент | Герб-таңба |
| Сөздік жұмыс | таңба |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|--|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | <p>Саяхатшы: Сәлем етсіндер ме, балалар! Мен саяхат шымын. Мен көптеген мемлең етте әзді арал 1 келемін. Мен адасып қалдым. Қоль идағы карта дан ешнәрсе көре :лма қалдым. Маған ке мектесесіндер ме? Й Тәрбиеші: Балала р, саяхатшы ағайға көмектесеміз бе?</p> <p>Тәрбиеші: Ендеше балалар, а сұраққа жауап беріңдерші . мын</p> <p>-Біз 1 ғай республиқада тұрамыз?</p> <p>-Қазақстан Республиқасының астанасы қай кала?</p> <p>-Қазақстан Республикасының Президенті кім?</p> <p>-Біз 1 ғай облыста тұрамыз?</p> | <p>Саяхатшымен амандасады.</p> <p>-Қазақст^{ан} Республикасы нда тұрамыз.</p> <p>-Астана.</p> <p>-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.</p> <p>-Павлодар</p> |

| | | |
|--------------------------------|--|--|
| | <p>Біздің ауданымыз қалай аталады? –Біздің туған ауылымыз қалай атқады?</p> | облысы, Ақсу ауданы, Ақсу қаласында тұрамыз. |
| Ізденушілік - үйымдастырушылық | <p>- Ал енді мен сендерге Павлодар облысы картада кай жерде орналасқанын көрсөтейін. -Әр оғыстың өзіне тән таңбасы бол ады. Біздің</p> <p>өнірдің таңбасы осындай Логотипге Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздерінің белгілері бар. Таңбаның түсі мемлекеттік рәміздер түріне негізделген. Өткен салт-дәстүрлері міндеттес, әр кандай белгісі ретінде логотипте қа зақыттық ою-өрнеші бейнеленген. Орталық бөлігінде Қазақстан Республикасы елтаңбасының негізгі идеясынан алынған – киіз үй дін шаңырағы бар. Ал елтаңбаның ортасынан бастаған көгілдір кеңістік бойымен тараған уықтар – өмір мен жылудың көзі есептелеғін күн сәулесін іспеттес.</p> | Балалар назарын картага аударды. |
| | | Балалар елтаңбаға назар аударып, мұқият карайды. |
| | <p>Д/о: «Қиынды суреттер». Шарты: Екі-үшке бөлінгөн қиынды бөлікті ерден елтаңбаны құрастырады. «Біздің ғаланың елтаңбасы». Мақсаты : Туған жердің елтаңбасы гуралы білімдегі ерін бекіту. Сөздік қорын бекіту. Сен білесің бе? Біздің қалай аның елтаңбасы нені білдіред? Елтанбада не бейнеленгенді? Түстері қандай? Қалай ойлайсың, елтаңба ғана үшін</p> | Балалар тәрбиешіні мұқияттындайды. |

| | | |
|--------------------------|--|-----------------------|
| Рефлексивтік-түзетушілік | керек? Ойын: «Ойлан, тап». Шарты: «Берілген пішіндерден (ғимараттар, гүлдер т.б.) құрастыру, өлкемізді гүлдендіру » (Дъенеш блоктарын, Кюйзенер қолдануға болады) таяқшаларын | Балалар ойын ойнайды. |
|--------------------------|--|-----------------------|

№ 4

| | |
|-----------------------|--|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Суреттер көрмесі: «Ең көрікті жерлер» |
| Мақсаты | Тұған өлкенің көріністерін суретке салып, әңгіме құрастыра білу |
| Міндеттері | Патриоттық сезімдерді дамыту; сүйіспеншілікке, мейірімділікке баулу; тұған жеріне, еліне, патриоттық сезімге тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Фотосуреттер, диафильм |
| Әдіс-тәсілдері | оыйн, сұрапқ-жауап, презентация. |
| Билингвалды компонент | көрме-выставка |
| Сөздік жұмысы | көрме, әсем, ғимарат. |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---------------------------------|--|--|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Армысың алтын күн, Армысың көк аспан. Армысың тұған жер, Армысың достарым! Балалар, бүгін біз тұған өлкеміздің ең көрікті жерлерін слайд-шоу арқылы тамашалайм, із. | Балалар шенберде тұрып бірге қайталайды. Балалар назарларын экранға аударады. |
| Ізденушілік - ұйымдастыруышылық | -Балалар, сендер өздерің көргендей біздің өнірде көрікті жерлер өте көп екен. Баянауыл таулары, өзендер мен көлдер және әдемі ғимараттар бар. -Балалар, біз қазір ойын ойнайдыз. Бұл ойын барысында сендер біздің облыстың табиғатын, әдемі ғимараттарын дәл тауып, тақтаға магниттермен жапсырасыңдар. | Тәрбиешіні мұқияттындайды. Ойынның шартын ұғып алады. |

| | | |
|------------------------------|--|---|
| | <p>Қаланы қашалықты жақсы білетіндерінді және суретшілік қабілеттерінді таныту үшін бар күштерінді салындар. Кәне, ендеше бастайық.</p> <p>Ойын: «Мен суретші боламын». Тәрбиеші екі топқа арналған магнитті такта әзірлейді. Устелдің үстінде таудың, күннің, әсем гүлдердің, әсем ғимараттардың, өзен мен көлдің қолдан салынған суреттері жатады. Балаларды шатастыру үшін Астанадағы Бейтерек сияқты әдемі ғимараттардың суретін де қосып қоюға болады.)</p> <p>Сергіту сәті:</p> <p>Біз кішкентай баламыз Өсіп-өніп толамыз. Күнге қарай талпынып, Кекке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Орнымызды табамыз. Сурет салу кезеңі: жұмыс барысында денені дұрыс ұстап, сурет салу құралдарын пайдалану. Көмек керек болса, тәрбиеші көмектеседі.</p> | <p>Магниттік тактага өз өлжесінің ғимараттарын, өзен- көлдерін тауып орналастырады.</p> <p>Балалар тұрып бойларын сергітіп алады.</p> <p>Жұмыс жасау барысы</p> |
| Рефлексивтік- түзетушілік | <p>-Ал, балалар, ойын ойнайық. Ойын: «Жылы сөздер».</p> <p>Шарты: Балалар тәрбиеші бастаған сөйлемді аяқтап, жыль сөздермен толықтыру керек.</p> <p>Менің қаламөт е әдемі, Менің қалам өте...бай.</p> <p>Менің қаламда өзге ...ұлттаң сөп. Мен қаламдысүйемн.</p> <p>Менің қаламның табиғаты... тамаша!</p> <p>-Балалаң, біз бүгін не істедік? Сабактың қорытындылау.</p> <p>- Балалар, бүгінгі салған суреттерін өте әдемі шықты, олардан көрме жасайың.</p> | <p>Балалар өз қалалары туралы сөйлемдерді жылы сөздермен аяқтайды.</p> |

Балалар өздерінің суреттері жайлы
әңгімелеп береді.

№ 5

| | |
|-----------------------|--|
| Білім беру саласы | Вариативтік белім |
| Белім | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Мақтанышым - Ертісім |
| Мақсаты | «Ертіс өзенінің алқабы» мемлекеттік табиғи корығы туралы түсінік беру |
| Міндеттері | Тұған өлкеде ағатын Ертіс өзені туралы мәліметпен таныстыру. Танымдық қабілеттерін, сөздік корын дамыту. Тұған өлкенің табиғатына деген қамқор болу сезіміне тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | Сұрақ-жауап, түсіндіру, мнемокестемен жұмыс |
| Көрнекіліктер | Слайд, суреттер, глобус |
| Билингвалды компонент | Өзен- река, шортан -щука, теңіз- море, шырық – лещ, тұқы –сазан, көксерке –судак |

| | | |
|---------------------------------|--|--|
| Iс-эрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-эрекеті | Iс-эрекет кезеңі |
| Мотивациялық - қозғаушылық | <p>Конаққа су патшасы келеді.</p> <p>Балалармен амандасады.</p> <p>-Балалар, мен Су патшасымын.</p> <p>Глобусқа назар қояды. -Бұл не?</p> <p>-Көк түспен не бейнеленген? – Дұрыс, су. -Мынау біздің Казақстанымыз. Казақстанда өзен-көлдер көп. Сендер қандай өзендерді білесіңдер?</p> <p>Біздің өлкемізде Ертіс өзені агады (Слайдқа назар аудару).</p> <p>Ертіс өзені Қытайдан басталады. Біздің елімізден ағып, көрші Ресей елінде Обь өзеніне қосылады. Обь өзенінен Кар теңізіне қосылады. Қараңдаршы, балалар, біздің Ертіс сондай керемет. Үш мемлекетте агады екен. Балалардың глобуспен жұмысы. Ертіс өзені - өте әдемі өзен, мөлдір су асты</p> | <p>Балалардың іс-эрекеті</p> <p>Су патшасымен амандасады.</p> <p>Глобуспен жұмыс жасайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>«Ертіс өзені» деп қайталайды.</p> <p>Слайдты тамашалап отырып, мұқияттыңдаپ отырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Слайдты тамашалап, балық атаулары, түрлерімен танысады, қайталайды.</p> |
| Ізденушілік - ұйымдастыруышылық | | |

| | | |
|--------------------------|--|---|
| Рефлексивтік-түзетушілік | <p>көптеген балықтарға, түрлі өсімдіктерге толы.</p> <p>Балықтардың суретіне назар қою, атап шығу: шортан, майшабак, алабұға, тұқы, кексерке, шырық. Өзен жағасында ормандар орналаскан.</p> <p>Д/о: « Су қасиеті».</p> <p>Мнемокесте арқылы балалар су қасиетін атап шығады.</p> <p>Д/о: « Өзен балықтары».</p> <p>Балалардың слайдпен жұмысы. Өзеннің сұзы тұщы. Адамдар өзеннен су алады. Сусыз өмір жок. Суды үнемдеп, күтіп ұстая керек. Краннан қажеті болмаса ағызбаймыз.</p> <p>Д/о: « Су – өмірдің нәрі».</p> <p>Судың қажеттілігін атап шығып, сурет бойынша әңгімеге тарту.</p> <p>Балалар, Ертіс өзені қай елден басталады?</p> <p>Біздің елімізден қайда ағады?</p> <p>Қай теңізге қосылады еken?</p> <p>Ертіс өзенінде қандай балықтар бар?</p> <p>Суға қалай қамқор жасаймыз?</p> <p>Балаларды мадақтап, су патшасымен қоштасады.</p> | <p>Ертіс өзені туралы мәлімет алады.</p> <p>Ойын ойнап, суреттермен жұмыс жасайды.</p> <p>Мнемокестемен жұмыс жасайды.</p> <p>Мнемокесте арқылы су қасиетін атап береді.</p> <p>Суды қалай үнемдейтінін айтады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Су патшасымен қоштасады.</p> |
|--------------------------|--|---|

№ 6

| | |
|-----------------------|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік білім |
| Бөлім | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Ормандағы қарагай |
| Мақсаты | «Ертіс орманы» мемлекеттік табиғи орман резерваты туралы түсінік беру |
| Міндеттері | Қарагай ағашының ерекшеліктерін ажыратып, атап беруге үйрету. Сөз мәдениетін, танымдық қабілеттерін дамыту. Тұған өлкенің табиғаты туралы білімдерін кеңейтуге қызығушылықтарын арттыру. Тұған өлкенің байлығына деген мақтаныш, қамқорлық сезіміне тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | Түсіндіру, сұрап - жауап, зерттеу, ТРИЗ элементтері, мнемокесте |
| Көрнекіліктер | Суреттер, бейнетаспа, ұнтаспа |
| Сөздік жұмысы | Орман резерваты, жолақты қарагай орманы |
| Билингвалды компонент | Қарагай – сосна, қылқан- иголки, бүршік – шишки, шайыр – смола. |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | <p>-Балалар, мен сендерді бүгін тұған өлкеміздің орманына саяхат жасауға шақырғым келеді. «Ертіс орманы» мемлекеттік табиғи орман резерваты. Балаларды қайталауға тарту.</p> <p>Орманда өзімізді қалай үстаймыз? Мнемокесте арқылы ережелерін атап шығуға шақыру.</p> <p>-Балалар, жан-жаққа қарандаршы қандай керемет ағаштар бар (Слайдқа назар аудару).</p> <p>-Терек, үйенкі, қайың, алма ағашы, қарагаш, емен бар. Орман қандай тамаша!</p> <p>- Балалар, мына екі ғажайып</p> | <p>Балалар саяхатқа барады.</p> <p>Жаңа сөздерді қайталап, естеріне сақтайды.</p> <p>Мнемокестені пайдаланып, орманда жүргүр ережелерін естеріне түсіріп, атап шығады.</p> <p>Слайдты тамашалап отырып, мұқият тыңдалап отырады. Ағаштарды атап шығады.</p> |
| Ізденушілік - | | Сұрақтарға жауап |

| | | |
|---|--|--|
| <p>Ұйымдастыруышы лық</p> | <p>ағашқа қарандаршы. Мен сендерге жұмбақ жасырғым келеді. «Қысы- жазы әсем, жасыл», дұрыс, бұл - шырша. Ал мына ағаш - қарағай. Суретке назар қойып, қарағай мен шыршаның айырмашылығын анықтайды. Бұл жолакты қарағай орманы.</p> <p>Балалар, сендер білесіндер ме, осындай жолакты қарағай орманы бүкіл әлемде тек бізде және Канадада бар екен.</p> <p>Глобустан Канада мен Қазақстанды көрсету. Бұл қарағай орманының ұзындығы ғарыштан да көрінеді. Қарағай - ғажайып, ерекше ағаш.</p> <p>Қарағайдың жапырағы жінішке және ине тәріздес болып келеді (балаларға ұстату). Тұқымын қарағай бүршігі деп атایмыз (көрсету). Қарағайдың бүрінен де, инесінен де дәрі жасайды, олардың құрамында дәрумендер көп. Бүршік - андардың сүйікті тағамы (Слайдқа назар аудару).</p> <p>Қарағайдың түбінде санырауқұлақтар өседі.</p> <p>Қарағайдың қабығы өте қалын, бұзылған жерінен шайыр агады. Шайырдан адамдар желім жасайды. Қарағай орманының ауасы да шипалы. Қарағай бұтағын іскеп керіндерші, қандай керемет, жұпар иіс!</p> <p>Адамдар қарағай орманына шипалы ауамен демалып, емделуге келеді. Қарандаршы, орман бізге қанша пайда тигізеді, ал бізден ағаштарды бұзбай, қамқоршы болуды ғана күтеді.</p> <p>Д/о: « Жақсы-жаман». Балаларға</p> | <p>береді. Жұмбақтың жауабы «Шырша» деп айтады. Шырша мен қарағайды салыстырады. Картага назар қойып, Қазақстанды көрсетеді. Педагогті мұқияттында, жаңа сөздерді қайталайды.</p> <p>Балалар қылқанды ұстап, иіскең көреді.</p> <p>Бүршікті ұстап көреді.</p> <p>Слайдты тамашалайды, жануарларды атайды.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Ойын ойнап отырып, табиғатқа деген қамқор сезімдерін білдіреді. Ойын барысында ағаштарды сипаттап, атап шығады.</p> |
|---|--|--|

| | | |
|--------------------------|--|--|
| Рефлексивтік-түзетушілік | <p>суретті сипаттап, жақсы әрекет бейнеленсе сары, жаман әрекет бейнеленген суреттерді қызыл қалташаға салу ұсынылады. Д/о: «Қандай ағаш?».</p> <p>Балалар, көзімізді жұмып, бір сэтке орман жойылып қалғанды елестетейікші. Не болар екен? Балалардың жауабын тындалап, мадактау. Бүгін біз немен таныстық?</p> <p>Тірек-сызба арқылы қорытындылау.</p> | <p>Балалар қарағай орманының пайдасын атап шығады. Орман болмаса, зиянды газдар пайда болады, өсімдіктер мен жануарлар жойылады деп жауап береді.</p> |
|--------------------------|--|--|

№ 7

| | |
|------------------------|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік білім |
| Бөлім | Тұған өлкені біл және аяла |
| Такырыбы | Тұзды көлдер |
| Мақсаты | Мойылды, Тұзқала, Қызылтұз тұзды көлдері туралы түсінік беру |
| Міндеттері | Тұзды көлдер, олардың ерекшелігі мен пайдасын атап беруге үйрету. Тұған өлкенін табиғатын зерттең, білім алуға қызығушылығын арттырып, танымдық қабілеттерін, сөйлеу мәдениетін дамыту. Тұзды көлдерді есте сақтап, мақтаныш сезімдеріне тәрбиелеу. |
| Әдіс-тәсілдері | Түсіндіру, сұрақ-жауап, зерттеу, мнемокесте |
| Көрнекіліктер | Суреттер, бейнетаспа, ұнтаспа |
| Сөздік жұмысы | Минералды тұнба |
| Билингвалдық компонент | Тұзды көл - соленное озеро, тұз –соль, шипалы- оздоровительное |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|----------------------------|---|--|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалар, сендер жазда қайда демаласындар? Бүгін біз тағы бір саяхатқа барамыз. Павлодар облысы керемет тұзды көлдерімен ерекшеленеді (бейне суреттерге | Жазғы демалыс жайлы әнгімелеп береді. Бейнені |

Ізденушілік -
ұйымдастыруышы
лық

Рефлексивтік-
түзетушілік

назар қою).
Мойылды, Тұзқала, Қызылтұз деген көлдер бар.
Қызылтұз – табиғи тұзды көл, минералды тұнба батпағымен және шипалы суымен әйгілі, керемет сауықтыру және жасару әсерін береді. Көлдің батпағы өте шипалы, көптеген ауруларды жояды. Батпағын косметика жасауға қолданады. Емдік қасиеттерімен әйгілі Тұзқала атты көлде (Лебяжье ауданының Ямышев ауылы) өнір тұрғындарының және көрші облыстардың арасында кең тараған демалыс аймақтары ашылды.
Мойылды шипажайында адамдар емделеді, демалады. Сендер тұзды көлдерге бардыңдар ма?
Зерттеу. Тұзды көл деп неге айтады, калай ойлайсыңдар? Дұрыс, себебі көл өте тұзды. Көлде жұзсендер, судың бетінде қалқып жүресіндер. Алдарында су толтырылған екі ыдыс тұр. Біреуіне тұз салайық. Таза, тұзы жоқ суға ойыншық салайық, не болды?
Ойыншық суға батып кетті. Ал, енді сол ойыншықты тұзды суға салайық. Не көріп отырсыңдар? Ойыншық судың бетінде қалқып жүр.
Тұзды көлдер деңсаулық үшін өте пайдалы. Біздің өлкемізде сондай тұзды көлдер барын біз мақтан тұтамыз.
Біздің өлкемізде қандай тұзды көлдер бар? Тұзды көлдер несімен жақсы? Жазда тұзды көлге баrasындар ма?

тамашалайды, ата-аналарымен бірге тұзды көлдерге барғанын айтады. Тұзды көлдердің атауларын қайталайды.

Жана мәліметті мұқият тыңдал алады.

Балабақшада сауықтыру барысында тұзды сумен тамактарын шайғанын естеріне салады.

Аталған жерлерде болғанын айтады.

Зерттеу жұмыстарын жасап, нәтижесін дәлелдеп береді.

Сұрақтарға жауап береді.

Алған мәліметтерді ортаға салып, әңгімелейді.

Балаларды мадақтау.

№ 8

| | |
|-----------------------|--|
| Білім беру саласы | Вариативтік бөлім |
| Бөлім | Табиғат өлкесін біл және аяла |
| Тақырыбы | «Қаздар қонысы» табиғат ескерткіші. Д/о: «Зерттеушілер». |
| Мақсаты | Республикалық маңызы бар зерттеу табиғи ескерткіші туралы түсінік беру |
| Міндеттері | Кейбір ежелгі жануарлардың атауларын білу, олар туралы әңгімелеп беруге үйрету. Ойын барысында зерттеуші мамандығымен таныстыру, «Қаздар қонысы» табиғат ескерткіші туралы білімдерін қолданып, танымдық кабілеттерін дамыту. Табиғи ескерткіштерге деген мақтаныш сезімін тәрбиелеу |
| Әдіс-тәсілдері | Түсіндіру, сұрақ- жауап, зерттеу, ойын |
| Көрнекіліктер | Суреттер, бейнетаспа, ұнтаспа. |
| Сөздік жұмысы | Палеонтолог |
| Билингвалды компонент | Мүйізтұмсық –носорог, керік- жираф, ұштұяқты жылқы- трехногая лошадь, қанжар тісті мысық – саблезубая кошка |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|---------------------------|--|---|
| Мотивациялық -қозғаушылық | -Балалар, біз бұғін зерттеушілер боламыз. Олай болса, қане, саяхатымызды бастайық. Балалар, сендер білесіндер ме, ежелгі замандағы заттарды іздең, ғылыми жұмыстарды жасайтын маманды қалай атайды? Зерттеушілер, ғылыми тілде палеонтологтар деп аталады. Палеонтолог- жойылып кеткен өсімдіктер мен жануарларды және олардың тарихи даму зандалықтары туралы ғылымды зерттейді. Бұғін біз зерттеушілер | Балалар педагогті мұқият тындалап, сұрақтарға жауап береді. Жаңа сөздерді қайталап, естеріне сақтайды. Балалар саяхат жасап, жаңа мәліметтермен танысады. |

Рефлексивтік түзетушілік

болайық. Бәріміз автобусқа отырып, «Қаздар қонысы» табиғат ескерткішіне барайық (Слайдқа назар аудару). Ертіс өзенінің оң жағасында орналасқан табиғи ескерткішті 1928 жылы ресейлік ғалым Юрий Орлов ашқан.

Галымдардың айтуынша, ондаған миллион жыл бұрын Павлодар өнірінің климаты Африка құрлығының климатына ұқсас болған. Осындай ғажап жер бізде және Канадада бар еken (глобуста көрсету).

Мамонт, мүйізтұмсық, керік, гиппарион, түйекұстар, бүгінде жойылып кеткен үш тұяқты жылқы тұқымдас жануарлар мен қанжар тісті мысықтар мекен еткен. Бұл төніректе теңіз болған деген болжам бар.

Балалардың назарын түрлі экспонаттарға аударып, түсіндіру.

Зертте, тауып алған заттар мұражайға тапсырылады, сол жерден экспонатты барлық адамдар тамашалайды.

Балаларға зерттеушілердің жұмысы туралы мәлімет беру.

Балалар, сендерге зерттеуші болу ұнады ма? Зерттеуші мамандығы туралы не білдіндер?

Д/о: « Қандай жануар?». Балалар бейнедегі ежелгі жануарды атап, сипаттап, ерекшелігін айтып береді.

Сұрақтар қойып, балалардың не түсінгендерін анықтау.

- Сендер нағыз зерттеушілер екенсіндер, рахмет, балалар.

Зерттеуші болып, автобуспен саяхатқа шығады.

Әр аялдамаға тоқтап, жаңа мәліметтермен танысады.

Ежелгі замандағы жануарлармен танысып, суретті сипаттап шығады.

Қалалық өлкетану мұражайына барғандарын естеріне түсіріп, әңгімелерін ортаға салады.

Ойын ойнап, білгенін бекітеді.

Біз өскенде палеонтолог болып, «Қаздар қонысы» табиғат ескерткішінде көптеген жаңа ғылыми жұмыстар жасаймыз.

№9

| | |
|--|--|
| Білім беру саласы Бөлімі Тақырыбы Мақсаты Міндеттері | Вариативтік компонент Тұған өлкені біл және аяла Қызыл кітаптың күпиясы Қызыл кітап туралы түсінік беру Қызыл кітапқа енген жануарлар мен құстардың түрлерімен таныстырып, білімдерін қалыптастыру. Ой-өрісін дамыту. Табиғатты аялап, қастерлеуге, ондағы сирек кездесетін андар мен құстарға камқор болуға тәрбиелеу |
| Билингвалды компонент Әдіс-тәсілдері Көрнекіліктер | Қызыл кітап- красная книга, арқар-архар, сілеусін-рысь, акку-лебедь, бүркіт-орел Көрсету, сұрақ-жауап, әнгімелу Қызыл кітап, арқар, бүркіт, акку, сілеусіннің суреттері (A3 форматы), қынды суреттер, мнемокесте |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|-----------------------------------|--|---|
| Мотивациялық - козғаушылық | <ul style="list-style-type: none"> - Балалар, бүгінгі сабакта сендерді мына керемет кітаппен таныстырамын. Ол жай гана кітап емес, ол ерекше кітап. Барлығымыз мұжияттыңдаймыз. «Қызыл кітаппен» жұмыс. - Балалар, қарандаршы, кітаптың түсі қызыл. Сендер білесіндер ме, қызыл түсті белгі тағы да қай жерде кездеседі? (Бағдаршам). - Демек, балалар, қызыл түс «қауіп төніп тұр», «көмек керек» деген мағынаны білдіреді. Тәрбиеші кітапты көрсете отырып, түсіндіреді. Қызыл кітаптың маңызы зор. Ол жойылып бара жатқан ан-құстарды, өсімдіктерді қорғауға, оларды аулауға тыйым салады.- Бұл кітапта саны азайып кеткен жануарлар мен өсімдіктер туралы анықтамалар, қызықты әнгімелер және олардың түрлі-түсті суреттері бар. -Балалар, мен сендерге біздің өлкеміз Павлодар өнірі Баянауыл жерінде | <p>Шенберге тұрып, бір-бірлеріне жылу лебіздерін білдіреді.</p> <p>Алдын ала дайындалған орындарына отырады.</p> <p>«Қызыл кітапқа» қызыға қарайды.</p> |
| Ізденушілік - ұйымдастырушылық | <p>Тәрбиеші кітапты көрсете отырып, түсіндіреді. Қызыл кітаптың маңызы зор. Ол жойылып бара жатқан ан-құстарды, өсімдіктерді қорғауға, оларды аулауға тыйым салады.- Бұл кітапта саны азайып кеткен жануарлар мен өсімдіктер туралы анықтамалар, қызықты әнгімелер және олардың түрлі-түсті суреттері бар.</p> <p>-Балалар, мен сендерге біздің өлкеміз Павлодар өнірі Баянауыл жерінде</p> | <p>Бағдаршамда кездесетін түстерді айтады. Қызыл түс «қауіп» дегенді білдіреді.</p> |

мекендейтін, қызыл кітапқа енген құстар мен аңдарды көрсетемін.
Тәрбиеші кітаптың ішінен аңдар мен құстарды (Арқар, сілеусін, бүркіт, акку) кезекпен алып шығып, балаларға көрсетіп түсіндіреді:



Арқар - өте бағалы аң.
Биік тау беткейлерін мекендейді.
Шөптесін өсімдіктермен қоректенеді. Ол бағалы аң болғандықтан, оны аулауга тыйым салынған. Құлжасының мүйізі ірі, бүралып иіліп тұрады.
Сілеусін - мысық тұқымдастырылған жыртқыш аң. Оның терісі бағалы. Қимылды жылдам, епті. Жемтігін құғанда 7-8м биіктікке дейін секіреді. Олар ойнампаз, қарға аунап ойнағанды жақсы көреді.
Ақку- ерекше әдемі құс, олар Сабындықөл және Жасыбайға келіп қоныстайды.
Бүркіт- ол жыртқыш құс болып саналады. Ата-бабаларымыз бүркіт құсымен аң аулаған екен. Оның тұмсығы үшкір болып келеді. Ең биікте ұшады. Айтындаршы, бүркіт қай жерде белгіленген?
Д/о: «Қызыл кітап».
Шарты: Қызыл кітапқа енген жануарлар мен құстар суретінің қызындыларын құрастыру, олардан кітап жасау. Балаларға оларды қорғау шараларын айтқыздады.
-Жарайсындар, керемет! Балалар, мен сендерге өлең жолын айтамын, сендер менімен бірге қайталап, қымыл

Тәрбиешінің түсіндірмесін тындауды.

Таңдана қарайды.

Аңдар мен құстарды қызыға қарайды. Сабакта белсенділік танытады.

Аз форматтағы аңдар мен құстардың үлгі суреттерін тамашалайды. Тәрбиешінің түсіндірмесін тындауды, сұрақтарға ойланып жауап береді.

Аңдардың қандай белгіде кездесетіндіктерін айтады.

Жетік танысып, сұрақтарға жауап береді.

Рефлексивтік-
түзетушілік

жасайсындар.
Мнемокесте арқылы.
Арқардың үлкен үйі бар,
Терезеден қарады ол.
Бұркіт ұшып келеді
Арқардың үйін көреді.
Тық, тық есік аш!
Орман толы аңшы, қас.
Бұркіт, бұркіт келе ғой
Қолынды маған бере ғой.
-Балалар, мына өленді қалай түсінесіндер?
Мағынасын айтқызады.

Д/о: «Дұрыс орналастыр».

Шарты: Тәрбиеші үстел үстіне сирек
кездесетін аңдар мен құстардың және
Қызыл кітапқа енбеген жауарлар мен
құстардың суреттерін араластырып қояды.
Балалар сирек кездесетіндерді тауып,
қызыл кітаптың ішіне салып қоюлары
керек.

- Балалар, бүгінгі сабағымыз не жайлыш
болды? - Балалар Қызыл кітаптың түсі,
атауы неге «қызыл»? - Қызыл кітапқа
қандай аңдар мен құстар енген? - Біздің
Баянауылдың Қызыл кітапқа енген қандай
жануарлары, құстарын білесіндер?
Балаларды мадақтап, ұйымдастырылған
оку іс-әрекетін аяқтайды.

Дидактикалық
ойын ойнайды.
Киынды
суреттерді
құрастырады.

Тәрбиешіні
тындаиды, қуана
келіседі.
Мнемокестеге
қарап айтады,
кимылдар
жасайды.

Өлең жолдарын
қайталап айтады.

Қызыл кітапқа
енген құстар мен
аңдарды қызыл
кітаптың ішіне
салып қояды.

Сұрақтарға жауап
береді.

№ 10

| | |
|-----------------------|---|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Павлодар облысының інжу-маржаны – Баянауыл қорығы (өсімдіктер әлемі) |
| Мақсаты | Баянауылдың өсімдік әлемі туралы түсініктерін қалыптастыру |
| Міндеттері | Баянауыл қорығында өсетін өсімдіктердің ерекшелігін білу; Олардың пайдасы, биік- аласа ұғымдарын ажыратада білуді үйрету. Табигатты сүйіп, қастерлей білуге тәрбиелеу |
| Билингвалды компонент | өсімдік- растение, қайың- береза, қарағай- сосна |
| Әдіс-тәсілдері | түсіндіру, көрсету, үйрету, сұрақ –жауап, ойын |
| Көрнекіліктер | өсімдіктер бейнетаспасы, қайың, қарағай, долана, танқурайдың А3 форматтағы суреті |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|--|--|
| Мотивациялық - қозғаушылық | <p>-Балалар, мен сендерді бүгінгі ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінде көргеніме қуаныштымын. Сендердің күлімдеген жүздерінді көріп, сүйсініп тұрмын. Сондықтан «ұйымдастырылған оқу іс -әрекетіміз сәтті өтсін» деп тілейік. Мен барлығында шаттық шенберіне шақырамын.</p> <p>Д/о: «Мейірімді жүрек».</p> <p>Шарты: Балалар үлкен шенбер құрып отырады. Жүрекшені бір-біріне беру арқылы жылы сөздерін айтады.</p> <p>-Өткенде не туралы айттық, еске түсірейікші.</p> <p>-Қызыл кітапқа енген жануарлар мен құстарды атап беріндерші? - Неліктен Қызыл кітап дейміз?</p> | <p>Шаттық шенберіне тұрады.</p> <p>Жүрекше ойнын ойнайды.</p> <p>Бір-біріне жүрекшені беру арқылы жылы тілектерін білдіреді.</p> |
| Ізденушілік - ұйымдастырушылық | <p>Жаңа тақырып: -Балалар бүгін сабакта мен сендерге өлкемізде өсетін бағалы ағаштар, олардың пайдасымен</p> | <p>Тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді.</p> |

Рефлексивтік-түзетушілік

тәнистырамын.
Үлгі суретпен жұмыс.
Тәрбиеші балаларға өсімдіктердің
(қарағай, қайың, таңқурай, мойыл)
турлерін көрсетіп түсіндіреді.



Ағаштар далада, орманда өседі. Оларды өсімдіктерге жатқызамыз. Біздің өлкемізде ағаштың түрлері өте көп. Соның ішінде қайың, қарағай «Қызыл кітапқа» енген. Өсімдіктердің пайдасы өте көп. Ауаны тазартады, табиғатқа көрік беріп тұрады.



Бейнетаспадан ағаштардың түрін және құрылымын көрсетеді.
Д/о: «Не жоғалды?».

Шарты: Тәрбиеші тақтаға қарағай, қайың, таңқурай, мойылдың суреттерін іліп қояды. Балалардың көздерін жұмыш, бір суретті алып тастайды. Балалар көздерін ашқан соң қандай ағаштың жетіспейтіндігін айтады.
Д/о: «Суретті толықтыр».

Шарты: Тәрбиеші балаларға ағаштардың күйінди суреттерін береді, балалар сол суреттерден ағаштарды құрастыру қажет. Балалар, бүгін біз сендермен қандай ағаш түрлерімен таныстық?

-Оның ішіндегі қандай өсімдік Қызыл кітапқа енген? Жарайсындар, балалар, сендер бүгін сабакқа жақсы қатыстындар. Балаларды мадактап, үйімдастырылған іс-әрекетін аяқтайды.

Жаңа
тақырыпты
тындаиды.

Үлгі суретті
тамашалайды.

Тәрбиешінің
түсіндірмесін
тындаиды.

Бейнетаспаны
тамашалайды.

Жоғалған
суретті тауып
айтады.

Киынды
суреттерден
ағаштарды
құрастырады.

№ 11

| | |
|-----------------------|--|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Туған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Павлодар облысының інжу-маржаны – Баянауыл қорығы (жануарлар әлемі) |
| Мақсаты | Баянауыл жерінде мекендейтін жануарлар дүниесімен таныстыру |
| Міндеттері | Жануарлардың тіршілігі турали білімдерін қалыптастыру; өз білімдерін қолдана алу қасиеттерін дамыту; жануарларға деген сүйіспеншіліктерін артыру, оларға деген қамқорлық сезімге тәрбиелеу |
| Билингвалды компонент | жануарлар –животные, арқар-архар, сілеусін-рысь, тиін- белка, қасқыр- волк, сұыр-суслик |
| Әдіс-тәсілдері | түсіндіру, көрсету, үйрету, сұрап –жауап |
| Көрнекіліктер | A3 форматтағы суреттер, бейнетаспа, дидактикалық ойындар |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|--|--|
| Мотивациялық - қозғаушылық | -Балалар, барлығымыз шенберге жиналайықшы. Біз өткен сабакта немен таныстық, соны қайталап өтейікші. -Біздің жерімізде қандай өсімдіктер өседі? -Қай жақта өседі? Кызыл кітапқа енген қандай өсімдіктерді білесіндер? Жарайсындар, балалар, біз өткен тақырыпқа бір шолу жасап өттік. Слайд: «Баянауыл қорығы» (жағымды музыка қойылады). -Балалар, біздің жеріміздің табигатына қараңдаршы(таудың, даланың әдемі табигат көрінісі көрсетіледі). Біздің жеріміз кенбайтақ. Онда алуан түрлі жануарлар мекендейді. Мен сендерді осы тамаша, әсем жерде мекендейтін жануарлармен | Өткен сабакты естеріне түсіреді. Тәрбиешінің сұралттарына жауап береді. |
| Ізденушілік - ұйымдастырушылық | Жаңа тақырыппен танысады. | Тәрбиешінің түсіндірмесін тындайды, слайдты тамашалайды. |

Рефлексивтік-
түзетушілік

таныстырамын.
Үлгі суретпен жұмыс.
-Мына суретте көрсетілген
жануарлар түрі қандай көп,
оларға сүйсіне қарайсың. Тақтаға
суреттер (арқар, қосаяқ, сілеусін,
тиін, қасқыр, түлкі, қарсақ, суыр)
іліп қояды. Таныстырып,
түсіндіреді.
Д/о: «Қызыл кітап».



Шарты: Балалар айтылған
жануарлардың ішінен қайсысы
Қызыл кітапқа енгенін тауып,
Қызыл кітаптың ішіне салып
қоюы керек.

Д/о: «Мекенін тап».

Шарты: Балалар қылған
жануарлар суреттерінің мекенін
тауып, құрастырып
орналастырады.

Балаларды мадақтап, сабакты
корытындылап,
ұйымдастырылған іс -әрекетін
аяқтайды.

Үлгі суретті
тамашалайды.

Қызыл кітапқа
енген жануарларды
салып қояды:



Мекенін тауып
орналастырады.

№ 12

| | |
|-----------------------|--|
| Білім беру саласы | Вариативтік компонент |
| Бөлімі | Тұған өлкені біл және аяла |
| Тақырыбы | Баянауыл өнірінің аңыздары |
| Мақсаты | Сабындықөл мен Кемпіртас туралы аңыздармен таныстыру |
| Міндеттері | Сабындықөл мен Кемпіртас туралы аңыздармен таныстыру. Аңыздарды әңгімелей білу дағдыларын қалыптастыру. Ой- өрісін дамыту; Аңыздар туралы қызығушылыққа тәрбиелу |
| Билингвалды компонент | Аңыз- легенда, Сабындықөл-мыльное озеро, Кемпір тас- камень старушки түсіндіру, әңгімелеу, сұрақ жауап. |
| Әдіс-тәсілдері | |
| Көрнекіліктер | Сабындықөл мен Кемпіртастың суреттері (слайд), үнтаспа, тастар, гүлдер |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс- әрекеті | Балалардың іс-әрекеттері |
|--|---|---|
| Мотивациялық - козғаушылық | <p>-Балалар, бұғін біздің өлкетану сабағымыз ерекше қызықты болмақ, себебі бұғін бізге хат келіп түсті, ал ол хатта Аңыз патшасы бізді өзінің аңыздар мекенине қонаққа шақырып жатыр.</p> <p>Барғыларың келе ме? Сабағымызды бастамас бұрын, қане еске түсірейікші, біз өткен сабакта не өттік? Дұрыс, ал Баянауыл жерінде мекендейтін қандай құстар мен жануарларды білесіндер?</p> <p>Қызыл кітапқа енген жануарлар, есімдіктер, құстарды атап беріндерші. Жарайсындар, балалар, олай болса кәнекей барлығымыз саяхатқа барайық (Сиқырлы кілемшениң үстіне отырып саяхатқа шығады).</p> <p>Таңғажайып сәт.</p> <p>-Балалар, мына жердің тамашасын-ай, бұл қай жерге үксайды? -Дұрыс айтасындар, бұл біздің Баянауыл жеріміз екен. Демек біз аңыздар еліне келіп жеттік.</p> <p>Үнтаспадан жағымды күй естіліп тұрады, кенеттен бір дауыс шығады:</p> <p>Аңыз патшасы: Сөлеметсіндер ме,</p> | <p>Қызығушылық танытады.</p> <p>Барғысы келетін жерлерін айтады.</p> <p>Сұрақтарға ойланып жауап береді.</p> <p>Сиқырлы кілемшеге отырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Таңдана тындаиды.</p> <p>Орындарына</p> |
| Ізденушілік - ұйымдастыруышы лық | | |

| | | |
|--|--|---|
| | <p>балалар, біздің аныздар мекеніне қош келдіндер.</p> <p>-Балалар, менің сендерге қоятын бір шартым бар: Сабындыкөл мен Кемпіртас аңызын біліп қайтсандар, менің сендерге берер сыйлығым бар! Тәрбиеші: Ал, балалар, қане жайғасып отырып алайық.</p> <p>Слайдпен жұмыс. -Балалар мынау біздің өлкеміздің мақтан тұтарлық Сабындыкөл көлі. Қараңдаршы қандай әсем. -Балалар, сендер сабынның не екенін білесіндер ғой, иә? Оны суға салсақ, ол көпіреді. Бұл көлді неге Сабындыкөл деп атағанын мен сендерге қазір айтып беремін. «Сабындыкөл» аңызы.</p> <p>-Ертеде, Баянсұлу деген әдемі қыз болған еken. Оның шашы ұзын болыпты. Баянсұлу ұзын шашын жумақшы болып, көлге барады. Бір кезде шашын жуып жатып қолындағы сабынның көлге түсіріп алады, сол кезден бастап әлгі сабын көлдің астына кетіп, сол көлдің жағасы көбікке айналады, сол кезден бастап ол жай ғана көл емес, Сабындыкөлге айналады. Сендерге Сабындыкөлдің аңызы ұнады ма? Ал енді суретке назар аударамыз, бұл бізде, балалар, тас, бұл тастың атауы «Кемпіртас». Неге олай атағандығын мен сендерге қазір түсіндіріп беремін. «Кемпіртас», аңызы.</p> <p>-Ертеде ана мен бала болыпты. Бала анасын қатты жақсы көрген еken. Содан соң бала ер жетіп анасына қамқор болады. Бір кездері баланы қауіп төніп тұрған жаулардан қорғау үшін шайқасуға шақырады. Анасы: Балам, аман бол, еліңе тез оралуыңды күтемін, ботам, - деп жылап қалады. Анасы баласын күтеді келмейді, күтеді келмейді. Көп күндер өтіп, анасы картайыпты. Баласын көре алмай әрі</p> | <p>отырады. Слайдты тамашалайды.</p> <p>Сабындыкөл аңызын тыңдайды.</p> <p>Ұнағандарын айтады.</p> <p>Кемпіртас аңызын таңдана тыңдайды.</p> <p>Айтып береді. Сұраптарға жауап береді.</p> <p>Куанады.</p> <p>Сыйлықтарына мәз болады. Бақшаға оралады.</p> |
|--|--|---|

Рефлексивтік-
түзетушілік

қарай күткен ана жылап сол күйінде
мынадай тасқа айналып кеткен екен.
Балалар, біз қандай аңыздармен
тәнистық? Неге Сабындықөл деп
атаган? Ал, Кемпіртасты ше?
(Үнтаспадан дауыс шығады)
Аңыз патшасы: Жарайсыңдар, балалар,
сендер өте ақылды бала екенсіндер,
менің аңыздарымды біліп алдыңдар.
Келесі кездескенше сау
болыңдар! Тәрбиеші: Балалар,
карандаршы бізге Аңыз патшасы
мынадай керемет сыйлықтар берді.
Түрлі түсті тастар мен гүлдер. Қане,
балалар, енді барлығымыз топқа
оралайық.
Балаларды мадақтап, ұйымдастырылған
оку іс-әрекетін аяқтайды.

№ 13

| | |
|-----------------------|---|
| Білім орталығы | Вариативтік компонент |
| Бөлім | Өлкетану |
| Тақырыбы | Өлкетану мұражайы (саяхат) |
| Мақсаты | Өлкетану мұражайы туралы түсінікті игеру, тарихи заттар туралы түсіну |
| Міндеттері | Тарихи заттардың тарихи маңыздылығын білу; - Кейбір заттар не білдіретінін түсіндіре білу, туған өлкеге деген патриоттық сезімдерін дамыту; - Туған өлкенің мәдениеті мен тарихын құрметтеуге тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Мұражайдағы тарихи заттар, асықтар |
| Сөздік жұмысы | Көрме жәдігерлері |
| Билингвалды компонент | Мұражай-музей, киіз үй-юрта |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әректі |
|----------------------------|---|---|
| Мотивациялық - қозғаушылық | Балалар, бүгін біз Сәбит Дөнентаев атындағы мәдениет сарайында орналасқан өлкетану мұражайына саяхатқа барамыз. | Балалар саяхатқа баратындарына қуаныш, саяхатқа баруға дайындалады. |

| | | |
|---------------------------------------|--|---|
| Ізденушілік - ұйымдастырушы лық | <p>-Бұл біздің каладағы Сәбит Дөнентаев атындағы мәдениет сарайы. Ол - жазушы, ақын. Біздің өлкетану мұражайымыз мәдениет сарайының үшінші қабатында орналасқан.</p> <p>-Балалар, сендер мұражай деген не екенін білесіндер ме? –Әрине, бұрынғы көне заттарды, яғни тарихи жәдігерлерді сақтап қалатын орын деп те айта аламыз. Экскурсия жүргізуі балалармен амандасып, мұражай ішіндегі жәдігерлермен таныстырады. Әнгіме: -Стендке көніл аударту: Мынау ертеде Ұлы Отан соғысы кезінде Ақсу өлкесінің атынан соғыска қатысып, каза тапқан ардагерлердің фотолары.</p> <p>-Балалар, қараңдаршы ертеде біздің апа-әпкелеріміздің киген туфли, резенке аяқ киімі осындай болған. Мынадай күйтабақ тындал, оған билеген, ол патефон деп аталған. Бізге Монголиядан көшіп келген қандастарымыз мынадай теледидар әкелген (теледидар мен радио).</p> <p>-Мынау ертедегі қабырға сағаты. Ал мынау соғыс ардагерлері сақтаған орден-медальдар. Оны бізге естелік ретінде сендер сияқты ұрпақтары тапсырған. Төрде тұрған қазақтың киіз үйі. Қазақ халқы көшпелі халық болғандықтан, осындай киіз үйде өмір сүрген.</p> <p>-Мынау киіз үй жабдықтары: алаша, тұс киіз. Ол кезде қазіргідей кілем болмаған, сондықтан киізден жасалған. Оны оюмен өрнектеген. Ал мында еңбек құралдары, ескі күміс ақшалар, сол кездегі сәнді күміс білезіктер бар.</p> <p>Осы заттарды қадірлеп ұстап, келешек ұрпаққа мирас ету</p> | <p>Мәдениет сарайының ғимаратын тамашалайды, С. Дөнентаев ескерткішіне барады.</p> |
| | | <p>Саяхат жүргізуімен амандасады</p> |
| | | <p>Мұражайды тамашалап саяхат жүргізуінің тыңдайды.</p> |
| | | <p>Туфли мен резенке аяқ киімді тамашалайды</p> |
| | | <p>Теледидарды қазіргі теледидарме ә салыстырып, айырмашыльғын айтып өтеді.</p> |
| | | <p>Өлкетану мұражайының барлық орталықтарын аралап, танысып, тамашалайды.</p> |
| | | <p>Балалар ерекше сезіммен өлкетану мұражайындағы қызметкерлерге алғыс айтып қоштасады.</p> |

| | | |
|--------------------------|---|--|
| | сендердің парыздарың. Сендер өз үрпактарыңа көрсетесіндер. | |
| Рефлексиялық-түзетушілік | Топқа оралып, өлкетану мұражайынан алған әсе әлерімен бөліседі. «Ханталапай» әйнайды. | Алған әсерлерімен бөлісіп, «Ханталапай» әйнайды. |

№ 14

| | |
|-----------------------|---|
| Білім орталығы | Вариативтік компонент |
| Бөлім | Өлкетану |
| Тақырыбы | Өлкедегі атаулардың тарихы |
| Мақсаты | Тұған өлкенің таулары, өзендері, кейбір қала атаулары нені білдіретінін білу |
| Міндеттері | Кейбір атаулардың пайда болу тарихы туралы түсініктерін дамыту; танымдық қабілеттерін арттыру; тұған өлкеге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу |
| Көрнекіліктер | Ақсу қаласының көрікті жерлерінің суреттері, Ақбет тауы туралы слайд |
| Сөздік жұмысы | Ақбет, Ақтөгай, таулы аймақ |
| Билингвалды компонент | Тоғай-лес, тау-гора, өзен-река |

| Iс-әрекет кезеңі | Тәрбиешінің іс-әрекеті | Балалардың іс-әрекеті |
|--------------------------------|---|---|
| Мотивациялық-қозғаушылық | М.Әлімбаевтың «Тұған жерім тамаша» өлең жолын бірге айтуды ұсыну. О, алақай, тұған жер! Жақсы-ау, бақша-бауларың! Көзге ыстық көрінер, Сенің аскар тауларың. | Балалар тәрбиешімен бірге өлең жолды айтады. |
| Ізденушілік - ұйымдастырушылық | -Балалар, біз қай республиқ ада тұрамыз? -Біздің облысымыз қалай аталауды?-Ал біз қай қалада тұрамыз? -Әрине, Ақсу қаласынд тұрамыз. -Қаламыз неге Ақсу деп аталауды? Ақсу дег аталау себебі кішке ғтай ағын су ө олған екен. Өзі сондай мөлдір болыпты. Сондықтағ қаламыз! ы Ақсу деп атаган екен. Ал сендер Баянауылға барығ көрдіңдер ме? | Сұрақтарға жауап береді. -Қазақстан -Павлодар -Ақсу қаласында тұрамыз. Тәрбиешіні тыңдайды. Ақсу атауы туралы мәліметпен танысады. |

| | |
|---|--|
| <p>Ол жер сондай керемет, таулы аймақты жер. Эрбір таудың өзіндік ерекшелігі бар.</p> <p>-Сендер сол тауға шығып көрдіңдер ме? Таулы жер болғандықтан, табиғаты өте керемет, ауасы таза, тауда мекендейтін жануарлар бар. Слайдпен жұмыс. – Балалар, караңдаршы қандай керемет ерекше тау. Бұл тау Ақбет деп аталады.</p> <p>-Неге Ақбет деп аталады?</p> <p>Суретте не байқап тұрсындар? Ақбет тауы Баянауыл тауларының ішіндегі ең биік тау екен. Оның ең жоғарғы бөлігінде қысы-жазы аппак қар жатады екен. Сондықтан ол тауды Ақбет деп атаған екен. Таудың табиғаты көркем, баурайында бірнеше көлдер мен бұлактар орналасқан. Тау беткейінде арша, терек, қайың секілді талдар өседі екен.</p> <p>Д/о: «Жапыраққа қарап ажырат». Мақсаты: Балалардың танымдық қабілеттерін арттыру. Жапырақтарға қарап, қай ағаштың жапырағы екенін тауып айту.</p> <p>-Біз қай облыста тұрамыз?</p> <p>-Біздің Павлодар облысының аумағы үлкен, жан-жағында бірнеше елді мекен бар.</p> <p>Ақтогай деген ауданды естігендерің бар ма?</p> <p>Эрбір жердің атына сай мағынасы болады. <i>Бұрындары ол жер ақ қайыңы сыңсып, тозайы тығыз болғандықтан «Ақтогай» деп атаған екен.</i></p> <p><i>-Тозай деген не? -Сендер білесіңдер ме? Ақтогай шаруаға қолайлы жер екен. Ол жерде егін егіп, мал шаруашылығымен айналысады екен.</i></p> <p><i>-Балалар, біз неге Ақтогай, Ақсу, Ақбет деп алдық білесіңдер ме?</i></p> | <p>Сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Әңгімені тыңдайды.</p> <p>Суретті тамашалап, ерекшелігін айтады.</p> <p>Тәрбиешіні тыңдайды.</p> <p>Ойын шарты бойынша ағаштардың жапырағына қарай ажыратып айтады.</p> <p>-Павлодар облысында тұрамыз.</p> <p>Әңгімені тыңдайды.</p> <p>Тоғай туралы білетіндері жөнінде бөліседі.</p> |
|---|--|

| | | |
|--|--|---|
| | <p>Өткен сабакты еске түсіріп өтейік. -Біз өткен сабакта қайда бардық? -Балалар, бұғін біз Ақсу қаласының көшелеріне саяхат жасаймыз. Ол үшін мына сиқырлы кілемге жайғасайық, кілем бізді қай жерге апарады, сол көшемен танысамыз. Көзімізді жұмып, ұшып бара жатқан сиякты елестетейік. -Қай жерге келдік, көзімізді ашайық. Слайдқа назар аударту. Бұл қандай ғимарат? Біздің балабақша ғой. -Біздің балабақша қай көшеде орналасқан? -Қанаш Қамзин көшесінде орналасқан. Балалар, көшеге жай адамның есімі берілмейді. 1-слайд. Қанаш Қамзинмен таныстыру. Қанаш Қамзин 1919 жылы 29 қарашада Павлодар облысының Ақсу ауданы, Жолқұдық ауылында туған. Мектепті жақсы оқып, ұқыпты бала болыпты. Балалар, Қанаш Қамзин де сендер сиякты кішкентай бала болған. Соғыс кезінде соғысқа қатысып, Молдова деген елде қайтыс болады. Қанаш Қамзинге Кенес Одағының батыры атағы беріледі. Демек ол кісі батыр болған екен. Сондықтан біздің Ақсу қаласындағы көше Қанаш Қамзиннің атымен аталады. Балалар, менің сендермен бір ойын ойнағым келіп тұр. 2-слайд. Д/о: «Ойлан, тап» (жұмбактар жасыру) мнемокесте арқылы.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жоқ өзінде бас та, құлақ та, ауыз да, Бақырайған үш көзі бар бірақ та (бағдаршам). 2. Қоліктің қаншасын жаңымнан өткердім, Жақыннан басталып, | <p>-Өздері тұратын көшени айтады.</p> <p>Кілем үстіне жайғасады.</p> <p>Слайдқа зейін кояды.</p> <p>Суретте өздерінің балабақшасы бейнеленгенін айтады.</p> <p>Қанаш Қамзин туралы мәліметпен танысады.</p> <p>Тәрбиешіні тыңдайды.</p> <p>Мнемокесте арқылы жұмбак шешеді.</p> <p>Сұраққа жауап беруге тырысады.</p> |
|--|--|---|